

«Күншуақ» бөбекжай – бақшасы» МКҚК

№ 9 «Айгөлек» мектепалды даярлық тобының  
ұйымдастырылған іс-әрекеті  
«Асар- атадан қалған асыл салт»

Тәрбиеші: Н.Ж.Боранбаева

### Тақырыбы: «Асар- атадан қалған асыл салт»

**Мақсаты:** Ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыру мақсатында қазақ халқының тіршілігін, салт-дәстүрін ойындар, ертегілер арқылы көрсету. Балаларды бір-біріне көмектесуге, құрметтеуге, қамқорлыққа және ұжым болып бірлесіп жұмыс жасауға тәрбиелеу. Балдардың сөйлеу шеберлігін, ойлау қабілеттерін, сұрақ-жауап арқылы тіл байлықтарын, шығармашылық ізденістерін және танымдық қасиеттерін дамыту. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында ұлттық құндылықтарды насихаттау және өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу.

**Шаттық шеңбер:** “Достарды біз қолдаймыз

Қиын шақта қорғаймыз

Біздің топта ұл-қыздар

Тату-тәтті ойнаймыз”

### Тәрбиеші:

Біз қазақпыз, біз қазақтың ұлдары мен қыздарымыз. Сондықтан да біз өз ұлтымыздың ата-бабамыздан жалғасып келе жатқан салт-дәстүрімізді ұмытпауымыз керек. Олай болса, балалар бүгін біз қазақ салт-дәстүрлерін, ойындарын, ою-өрнектерін есімізге түсірейік.

Сұрақ-жауап:

1. Қазақтың ұлттық тағамдарын ата (ет, қазы-қарта, ірімшік, айран, сүт т.б.)
2. Ою-өрнектерді ата (**Құс қанаты, жұлдыз ою-өрнектері:** кебеже, жүк аяқтар, асадал үй жиһаздарда қолданылады. **Қошқармүйіз:** текемет, алаша, кілем. **Ирек су:** зергерлік бұйымдарға сақина, алқаларда. **Өрмекші:** зергерлік бұйымдарға білезік, тұмар ретінде. **Гүл:** киім-кешектердің жағасына, қалтасына, жиектеріне.)
3. Қазақтың ұлттық ойындарын атаңыз (асық, көкпар, қыз қуу, арқан тартыс, ақсүйек)
4. Мойынға тағатын әшекей (алқа)
5. Сүттен жасалатын тағамдарды ата. (Айран, сүт, ірімшік, құрт, қатық, шұбат, қымыз, қаймақ, май, т.б. )
6. Жеті қазынаны ата. (Ер жігіт, сұлу әйел, білім, жүйрік ат, алғыр тазы, қыран бүркіт, мылтық.)

### Ойын: Жеті қазына

Өзіміздің қазақ халқының да сан алуан салт- дәстүрі бар. Халқымыздың салт- дәстүрлері қай халыққа болса да үлгі боларлық. Балалар қазақтың бірнеше салт-дәстүрін атап өтсек.

1. **Шілдехана**(салт).жаңа туған нәрестенің құрметіне жасалатын ойын-сауық, той.
2. **Бесікке салу**(салт). Жаңа туған баланы бесікке салу. Бесік қасиетті,киелі, құтты мүлік, сәбидің алтын ұясы болып есептеледі.
3. **Тұсау кесер**(салт).Сәби қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын ғұрып.

**4.Атқа мінгізу**— 3-4 жасқа келген ұл баланы атқа мінгізу. Алдымен ағаштан ашамай-ер жасалған. Оның қолтырмаш — баланың белін буатын жұмсақ белбауы және тепкішек — баланың аяғын салатын, үзеңгі орнында жүретін дорбасы болған.

#### **Ойын: Киіз үйді безендіру**

Біржола жоғалмаса да біршама ескірген, көп аймақтарда қолданыстан шығып қалған дәстүрдің бірі – "Асар". Бұл дәстүрдің ерекшелігі сол, адамдар бірлесіп үй салып, басқа да игі мақсатта бір-біріне көмектесу арқылы ынтымақ пен бірлігін жарастырады. Мұндай дәстүрді ауыл адамдары кәдеге жаратып, оны тек жұмысты бітіру тұрғысынан ғана емес, туған-туыс, дос-жаранмен бір уақыт кездесу, сырласу мақсатында қолданған. Асарға келген адам ақша алмайды. Оларға арнап үй иесі бір қойын сойып, қазан асып, дастархан жаяды. Қазақтың "көп түкірсе – көл" деген аталы сөзі де осы асармен байланысты. Ендеше балаларымыздың "Асар" дәстүрі туралы қойылымын тамашалайық.

#### **Ертегі "Асар"**

Асар туралы естіп Сәулетші көмекке келеді. Үйдің сызбасын балалармен бірігіп Ұлуға үй тұрғызады. Қуанып туған күнімен құттықтап ән салып билейді.

#### **Тақпақтар:**

##### **Бейбарыс**

Екі деген - екі дос,  
Бірін-бірі қимайтын  
Артық кемді етпей сөз,  
Бірін-бірі сыйлайтын  
Досына бол адал жан,  
Бірдей бөліс сынақты  
Бір нүктеге кадалған,  
Екі көзің сияқты.

##### **Мұрагер**

Әрқашан дос біргеміз  
Ажырамас іргеміз  
Ту қылып ұстап бірлікті  
Тату – тәтті жүреміз!

#### **Мақалдар:**

**Аяулым:** доссыз өмір - тұзсыз ас!

**Ағзам:** күлме досыңа – келер басына

**Алинұр:** досы көпті жау алмайды, ақылы көпті дау алмайды

**Бекнар:** Дос жылатып айтады, Дұшпан күлдіріп айтады

**Қорытынды:** Балалар біз қандай салт – дәстүр туралы айттық ? Асар дегеніміз не ? Бізге қонаққа кім келді? Асар ертегісінде қандай кейіпкерлер болды? Сәулетші бізге қанадай көмек көрсетті? Біз бір-бірімізге көмектесеміз бе?

**Тәрбиеші:**

Бүгінгі «Асар- атадан қалған асыл салт» атты ұйымдастырылған іс-әрекетімізді аяқтаймыз. Асар бұл тек қана үй салып беру емес, қой қырқу, егін ору, шөп жинау сияқты тағы басқа істерге қолғабыс ету. «Алты жыл аш болсаң да, ата салтыңды ұмытпа.» - деген қазақта нақыл сөз бар. Сонымен «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар» демекші, салтын сүйген әрбір жас ұрпақ болашақта халқын сүйетін, еліне адал қызмет ететін, тілінің, салт-дәстүрінің жанашыры болатындығына сенімдімін.

## Асар ертегісі

Асық алма мен ойнап жүреді. Қамшы келеді қасына.

**Қамшы:** жарайсың Асық, енді алманы төбеңе қой.

**Асық:** төбеме? -деп таңғалады

**Қамшы:** Иә, қорықпа Асық енді өнерімді мен көрсетем.

**Асық:** Кім қорқады, мен бе?! Мінекей (алманы төбесіне қояды) бірақ абайла.

Қамшы сол уақытта алманы сабымен ұрып құлатады

**Асық:** Тиген жоқ, тиген жоқ -деп мақтанып тұрады

Қамшы Асық мақтанып тұрған кезде, аяғынан тартып құлатады (Асық құлайды)

**Асық:** Сен мені абайсыздан құлаттын -деп ашуланады.

**Қамшы:** Ал сен мұндайда әрқашан дайын болу керексін.

**Асық:** Жарайды, мен досыма қол жұмсамаймын.

**Қамшы:** Жарайсың досым. Сен әдепті, ақылды, сыпайы, жақсы жігіт екенсін.

**Асық:** Ее бәсе, сөйтсей енді, сондаймыз ғой.

**Қамшы:** Бірақ мақтаншақтаусың, сен ренжеме, дос жылатып айтадығо.

**Асық:** Енді бір сөз айтсан өзіңді жылатамын.

**Қамшы:** Және тез ашуланасың.

**Асық:** Болды енді сен мен дос болмаймың.

**Қамшы:** Ххм қайтар онда тарағымды.

**Асық:** Тарағыңды ма? -деп таңғалады. – Ол көлге батып кеттіғо.

**Қамшы:** Ештене білмеймін, таңертен шашымды тарауым керек.

**Асық:** Жарайды, жүр ендеше көлге барып тарақты іздейміз.

Екеуі көлге бара жатып, жылап отырған Ұлуды кездестіреді.

**Қамшы:** Ұлу саған не болған, біреу тидіма?

**Ұлу жылап:** Ертен менің туған күнім.

**Қамшы:** Ұлу, қайта қуану керексін ғой, достарың келеді сыйлықтар әкеледі.

**Ұлу:** Қайдағы достар, қайдағы сыйлықтар.

**Асық:** Қамшы неге тоқтап қалдың, кеттік тарақ іздеуге.

**Қамшы:** Тоқтай тұршы, мұнда Ұлу жылап отыр, ертен оның туған күні.

**Асық:** Құттықтаймыз, саған зор денсаулық, ұзақ өмір, мол бақыт тілейміз.

**Қамшы:** Асық тоқташы енді, керегі жоқ тарақтың.

**Асық:** Не бірсе керек, бірсе керек емес- деп ашуланады

**Қамшы:** Жоқ, керегі бар әрине, бірақ мына жерде Ұлу жылап отырғо ертен туған күні емеспе.

**Асық:** Өзі емеспе өйткенде мені мазаламандар, маған жоламаңдар деген.

**Қамшы:** Асық қандай кекшіл едің мен сені досым деп жүрсем , бара бер мен Ұлумен дос боламын.

**Асық:** қалай сонда Қамшы. Сен мына қырсық, жылауық Ұлумен дос болмақсың ба?  
«Аққуды атпа, досыңды саттпа» деген қайда?

**Ұлу:** маған ешкімде ештеңеде керек емес – деп ренжиді.

**Қамшы:** Неге олай дейсін Ұлу, болды енді жыламашы.

**Ұлу:** Ертен менің достарым келіп қалса, оларды қайда кіргіземін, мына үйімнің үстіне дастархан жасаймын ба?- жылап айтады.

**Асық:** Иәә қиын жағдай екен.

**Қамшы:** Ұлу сен жылама, біз бірдеңе ойлап табармыз солай емеспе Асық.

**Асық:** Иәә бірақ не ойлап табатынымызды ойлап басым қатып кетті.

**Қамшы:** Кетік, ақылдасып көрейік бір бастан екі бас артық емеспе.

Екеуі жүріп келе жатып Асықтың есіне атасының айтқаны түседі.

**Асық:** Атам Асар туралы айтқан едіғой.

**Қамшы:** Асар? Ол не?

**Асық:** «Асар деп, бүткіл ауыл болып бір кісідей жұмылып көмектескен тірлікті айтады  
«Бірлік түбі- тірлік»деген осыдан қалған»

**Қамшы:** Тамаша, сонда Асар жасап бәріміз үй тұрғызып берсек туылған күніне керемет сыйлық болар еді.

**Қоныз:** Асар, Асарға келіндер, Ұлуға үй салып береміз, Асарға келіндер, бәрінде.

Бәрі Асарлатып Ұлуға үй тұрғызып береді.

**Асық:** Ұлу туған күніңмен құттықтаймыз! Алақай, тамаша.

**Ұлу:** бұл не сонда?

**Асық:** Бұл сенің үйің және біздің сыйымыз.

**Ұлу:** Менің үйім? Менің сыйым ба? – деп жылайды.

Достар Ұлумен бірге қуанып туған күнді тойлап, ән шырқап би билейді.



